

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі

Педагог –психологтың жылдық есебі

2023 -2024 оқу жылы

**2023-2024 оқу жылындағы Қызылжар ЖОББ мектебіндегі
педагог-психологтың қызметті ұйымдастыру жұмысының жарты жылдық
есепі**

Психологиялық қызмет жоспары оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен, дарынды оқушылармен, ерекше назарды қажет ететін оқушылармен жұмыс негізінде құрастырылды. Жоспар барысында диагностикалық жұмыстар, түзету-дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмысы, ағартушылық жұмыстары, әлеуметтік диспечерлік жұмыс бағыттары жүзеге асырылды. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық шаралар, тренингтер, сауалнамалар, зерттеу әдістемелері ұйымдастырылды.

Диагностика бағыты бойынша жасалған жұмыстар:

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында 9-11 сынып оқушылар бойынша агрессия түрін анықтау мақсатында «Басса-Дарки» сауалнамасы алынды. Қыркүйек айының 3-4 апталарында 1 сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында «Керн-Йерасек» тесті алынды. Сонымен қатар, қыркүйек айында 1, 5 сыныптарға «Менің сыныбым» әдістемесі өткізілді. Мақсаты: оқушылардың мектепке, сыныбына бейімделуін тексеру.



Қыркүйек айында ұжымдағы эмоционалдық хал-ахуалды тексеру мақсатында «Ұжымның әлеуметтік психологиялық ахуалын зерттеу» әдістемесі өткізілген болатын. Нәтижесінде, ұжымдағы ахуалдың жайлы, қолайлы екені анықталды.

Қазан айында 5 сыныптар арасында оқу мотивациясын анықтау мақсатында «Н.Г.Лусканова» әдістемесі өткізілді. Сондай-ақ оқушылардың зорлық зомбылық туралы ойларын білу мақсатында «Зорлық зомбылық туралы мен не ойлаймын» тесті алынды.

Қараша айының үшінші аптасында 9-11 сынып оқушыларынан қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында Дасс сауалнамасы алынды. Төртінші сыныптар арасында өзін-өзі бағалау деңгейін тексеру мақсатында «Баспалдақ» әдістемесі өткізілді. Диагностика қорытындысы бойынша оқушылардың өзін бағалауы жоғары деңгейде екені анықталды.

Қараша айының 3-4 аптасында 7-10 сыныптар арасында зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша сауалнама алынды.

Желтоқсан айында оқушылардың пәнге көзқарасын анықтау мақсатында «Түймедақ» әдістемесі өткізілді. Нәтижесінде, оқушылардың қай пәнді қызығып оқитындарын, қай пәннен қиындықтары бары анықталды.

Ақпан айының 2 күні 4 «а» «ә» сыныптарында «Кактус» жобалау әдістемесі алынды.

Мақсаты: Эмоционалдық жағымсыз мінез-құлық акцентуациясын анықтау

Сәуірдің 8 күні 1, 2 сыныптарда зейін анықтау әдістемесі алынды

Мақсаты: Зейінің деңгейін, сөздік қорын анықтау



17 сәуір күні 4 «а», 4 «ә» сыныптарында «Әлемде жоқ жануар» әдістемесі алынды. Қорытындысы шығарылып, анықтама жазылды.

Мақсаты: Оқушылардың эмоционалдық күйін, агрессивтілігін, қарым –қатынасын диагностикалау.



Түзету-дамыту бағыты бойынша жасалған жұмыстар:

«Керн-Ийерасик» тестінің нәтижесінде мектепке дайындығы төмен оқушылармен жұмыстануға, сынып жетекшілерге және ата-аналарға ұсыныс берілді. Қазан айында бейімделуі төмен оқушылармен топтық дамыту сабақтары өткізілді.

Қыркүйек айының 2 аптасында Басса Дарки сауалнамасы бойынша теріс нәтиже көрсеткен оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді.

2023 жылдың қазан айында 6-7 сыныптар аралығында топтық «Із кесуші» психологиялық акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты - қатысушылардың өміріне жаңадан жаңалықтар, түрлі сезімдер мен мәдени ақпараттарды жинақтау арқылы өмір сүру кеңістігін кеңейту.



Сонымен қатар, қараша айында 8-9 сынып оқушыларына «Ашу ыза билегенде не істеу керек?» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты оқушыларды өз эмоциясын басқара білуге үйрету, ашу ызаны дұрыс тарқату.

Оқушылардың құқықтық білімін көтеру мақсатында 7 сыныптар арасында «Менің құқықтарым» атты викториналық сайысы өткізілді.

Жаңа жыл қарсаңында желтоқсан айының 1 аптасынан бастап 7-11 сынып оқушылары арасында «Күпия дос» акциясы ұйымдастырылған болатын. Бұл акцияның мақсаты оқушылардың сынып ішіндегі қарым-қатынастарын нығайту, бір бірін жақсырақ тануға мүмкіндік беру. Аталмыш акция желтоқсан айының 3 аптасына дейін жалғасты.



Сонымен қатар, «Күпия дос» акциясы педагогикалық кадр арасында да өткізілген болатын. Желтоқсан айының әр аптасында бір біріне сыйлық сыйлап тұрады. Күпия дос" акциясының негізгі мақсаты педагогтердің бір-біріне қарым-қатынасын нығайту. Ұжымды ауызбіршілікке, татулыққа баулу, әріптестерімізді жақыннан танып, шынайы қуанышқа бөлеу.

Сонымен қатар, қыркүйек айынан бастап ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыстың басым бөлігі нейрожаттығулар және оқушының жалпы моторикасын дамытатын жаттығулар.

Сәуір айының 22 күні 9 «ә» сыныбында «Жақсы адамдар аукционы» тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: тұлға бойына жақсы қасиеттерді бағалау. Адамгершілік құндылықты практикалық жаттығу арқылы түсіндіру, жақсыдан үлгі алуға үндеу.



Профилактикалық және психологиялық ағарту бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:

07.09.2023ж. күні Қызылжар ЖОББ мектебінің педагог-психологы Сақтағанова Қамажай ата-аналар жиналысында "Отбасы-өмірдің мәні" тақырыбында, ата-аналарға балалар тәрбиесіндегі жауапкершілік және отбасы мәселесіне байланысты психологиялық кеңестер берді.



Қазан айында 1 сынып оқушыларының ата-аналарына бейімделу нәтижесімен таныстыру мақсатында ата аналар жиналысында баяндама оқылды.



Қазан айында мектебіміздің қыз баланың жетілуі, дене гигиенасы бойынша баяндама оқылды. Баяндаманың басты мақсаты қыз балаларға дұрыс бағыт бағдар беру және ерте жүктіліктің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру және жалпы қыз баланың гигиенасы туралы түсініктерін тереңдету.



Сонымен қатар, қараша айында оқушылар арасындағы буллинг, кибербуллингтің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Қараша айында «Мен зорлық зомбылыққа қарсымын!» тақырыбында тренингтер өткізілді.

Сәуір айының 4 күні жоспар бойынша 7-10 сыныптарға «Интернет пен телефонға тәуелділіктің алдын – алу» бойынша сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға интернет-тәуелділік әлемдік денсаулық сақтау орындарын толғандыратын қауіптердің бірі екенін түсіндіру



Сәуір айының 4 күні 11 «а», «ә» сыныптарында «Грантты сезін» қолдау сабағы өткізілді.

Мақсаты: Түлектердің өзіне сенімділігін арттыру, шынайы қуанышты эмоцияны сезінуге, жақсылықты бөлісуге, жақсы ойларды ойлауға, өмірге деген құлшынысын арттыруға, ішкі және сыртқы уәждерімен (мотивация) жұмыс жасауына ықпал ету.



Сәуір айының 12 күні 9,10,11 «Зорлық зомбылыққа жол бермейік» тақырыбында дәріс сабақ өткізілді

Мамыр айының 6 күні 9 «ә» сыныбында «Өз эмоцияңды басқару, өз қолыңда» психологиялық сағат өткізілді.

Мақсаты: Буллинг, агрессия, өз эмоциясын басқара алмау сияқты ұғымдарды практикалық жұмыстану арқылы мағынасын ұғындыру, кері байланыс орнату.



Мамыр айының 22 күні 9 «ә» сынып оқушыларымен пикник өткізілді.



Мақсаты: оқушылардың көңіл күйлерін көтеру, бір –бірілеріне деген қарым –қатынасын жақсарту.



Мамыр айының 23 күні 9 «ә» сыныбында «Мен жетістікке жетемі» тренинг өткізілді. Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарын бағалау. Бір- бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу өз-өзіне сенімділігін арттыру.



2 жеке консультация өтті 1 оқушы мамсының айтуымен келді, екінші оқушы өз еркімен келді

Педагог психолог  Сактаганова К.Д.
Педагог психолог  Утебаева С.Х